

Қайырбекова А.Қ., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, ҚФ-31 тобы, студент
(Ғылыми жетекші – ф.ғ.к , доцент Такиров С.У.)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «НАРРАТОР»

Автор өледі делік, бірақ шығарманы әңгімелеп отырған адам кім? Бұл автордың өзі ме? Скриптор ма? Бұны шетел әдебиетінде әлдеқашан анықтаған болатын.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы [1, 88],-

деген Абай ақынның өлеңінде «айтушы» мен «тыңдаушы» дегендерді қалай түсінеміз?

Айтылған екі термин арқылы ғана Абай өлең теориясына байланысты сол дәуір тұрғысынан ғана емес, кейінгі және қазіргі кезеңдер үшін де жаңа көзқарас, жаңаша пікір айтып отыр. Поэзияның ғана емес, сөз өнерінің диалогтық табиғатын, сипатын, болмысын, оның танымдық және коммуникативтік, эстетикалық қырларын терең білгендіктен туындап отырған пікірлер. Әрине, қазақ поэзиясында аталған тақырыпқа Бұқар жырау, Дулат ақын сынды алыптар да барған, дегенмен Абай сынды толық таратып түсіндіруді өздеріне міндет санамаған. [2].

Ақын айтып отырған «айтушы» дегеніміз кім? Абай ақын «айтушы» деп неліктен айрықша атауды айтып отыр және кімді атап отыр? Қазіргі қазақ өлең теориясында немесе прозалық шығармаларда «айтушы» терминін қолдана аламыз ба?

Абай «айтушы» термині арқылы өзіне дейінгі қазақтың фольклордан дараланып шыққан, ауызша туған авторлы әдебиет өкілдерін, сондай-ақ өз жанынан өлең шығармайтын фольклорлық бағыттағы жыршылық, орындаушылық өнер иелерінің бәрін тегіс атаған. Ғалымдар ауызша туған авторлы әдебиет өкілдерін «ақындар» (академик Р.Бердібай), жыршы ақындар (академик З.Ахметов), жазып өлең тудырған поэзия өкілдерін «шайырлар» (академик Р.Бердібай) деп атауды ұсынғандары да белгілі[2].

Бұл терминді «автор» ұғымында қарастыра аламыз ба? Автор теориясында «айтушы» терминіне қандай көзқрастар бар? «Айтушы» термині автор теориясына кіріге ала ма?

Авторологияда көркем әдебиеттегі шығарманы тудырушы, жасап шығарушы туралы көптеген атаулар мен ұғымдар қатар қолданылып жүр. Олардың негізгілері мыналар: *автор*, *актор*, *нарратор*, *бенефициарий*, *скриптор*, *ауктор*, *рецептор*, *комплитатор*, *комментатор*, т.б. Абайдың айтушы термині қазіргі әлемде қалыптасқан автор теориясында қолданып жүрген терминдердің жүйесіне ене ала ма, әлде ақынның термині таза ұлттық төл сипаттан туындаған шығармашылық тұлғаның атауы ма?

«Автор и герой в постмодернистской прозе» атты тақырыптағы докторлық диссертациясында ғалым Л.В.Сафронова автор теориясына байланысты көптеген мәліметтер келтіріледі. Жоғарыда келтірілген автор теориясына байланысты терминдердің көбі проза жанрына байланысты қолданылатын жүйелер дегенге саяды. Дегенмен поэзия, не проза тектері болсын, сөз өнерінің тектері болғандықтан, шығармашылық процестің шығармашыл тұлға болмысында қалыпты заңдылықтармен іске асатындығынан, аталған ұғымдар тек прозаға қатысты деген пікірлер тұмау керек. Автор теориясындағы қолданыстағы терминдерге тоқталып өтер болсақ: «Автор (от лат. autor - основатель, сочинитель) - создатель (творец) художественного текста и его единственный правопредставитель; творческая личность, обладающая художественным мастерством и другими специфическими качествами (в частности, художественными способностями, одаренностью или гениальностью)» [3, 11]. Ю.Боревтің бұл анықтамасы тек әдебиет, көркем шығармашылықтағы автордың болмысын анықтауға негізделген. Автор термині тек сөз өнеріне қатысты қолданылмайтыны белгілі. Авторы ұғымы бір нәрсені өз жанының тудырушы деген ұғым деңгейінде ғылымда, өнерде, техника мен өндірісте, яғни қоғамның басқа да түрлі салаларында пайдаланатыны анық. Әдебиеттанушы ғалымдар сондықтан да, көркем шығармашылықтағы, сөз өнерінде авторды басқа салалардағы авторлардың бөліп алу

үшін, көркем шығармашылықтың болмысына, табиғатына сай атауларды қолдануға қадамдар жасады. Сол қадамдардан туындап отырған терминдер актор мен ауктор ол ұғымдарға мынадай анықтама беріледі: «Актор (фр. *acteur*, англ. *actor*) [термин нарратологии] - абстрактный выразитель функции действия, всегда служащий объектом повествования, в то время как персонаж выполняет одновременно функции и субъекта и объекта повествования т.е. и наратора, и актора» [9, 16], «Ауктор (от лат. *auctor* - создатель, творец, писатель) - организатор художественной реальности; повествователь, от имени которого ведется рассказ, или персонаж, глазами которого увидены описываемые в произведении события» [4, 52].

Көркем мәтіндегі авторлық қырларды, автор бейнесін көркем шығарманың құрылымынан туындаттыратын авторға байланысты ұғым нарратор: «Нарратор - это формальная категория противопоставляемая понятию «реальный автор». Нарратор (термин введен Д.Принсом) - внутритекстовая фигура, полностью зависящая от рассказчика-нарратора, от построения повествования, вне повествовательного поля текста не существующая» [5, 17].

Француз ғалымы Р.Барттың тұжырымынан туындаған, қазіргі таңда автор теориясы шеңберінде қарастырылып жүрген ұғымдар скриптор, комплитатор, комментатор: «Скриптор - всего лишь переписчик, он может только подражать тому, что написано до него» [5, 26], «комплитатор - который только переписывал текст, ничего к нему не добавляя», «комментатор - который вторгался в переписанный текст лишь затем, чтобы прояснить его смысл» [5, 385]. Жоғары да келтірілген автор теориясына қатысты ұғымдардың бәрі жалпы автордың болмыс, табиғатынан, сондай-ақ көркем мәтіндегі автордың көрінуінен, ролінен, көркем мәтіннің спецификасынан келіп туындайтын концептілер.

«Қазіргі ғылымда орныққан көзқарастарды жүйелесек, «автор» термині жалпы тұрғыдан былайша қарастырылып жүр: а) «биографиялық автор», ә) «автор-баяндаушы», б) «автор - болмысқа деген көзқарас», в) «автор - көркем образ», г) «бейтарап куәгер», д) «нарратор», е) «автор - аноним, белгісіз персонаж», ж) «көркем әлемнің иесі», з) «мәтінжаратушы», и) «көркем әлем тудырушы»» [5, 60].

Абайдың айтушысы Ю.Боревтің анықтамасындағы айтылмыш сөздің, не көркем шығарманың құқықты иесіне, яғни «авторға», «биографиялық авторға», «рецепторға» сондай-ақ «автор-баяндаушы» қалыбындағы шығарманың құрылымына, сюжетіне ене алатын термин [8].

Абай осы өлеңінде өзіне дейінгі қазақ топырағында өмір сүріп келген, қалыптасқан поэзия тегіне сын көзімен қарай отырып, барлық ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүршілдік шеңберінде, ауызша айту арқылы өлең тудырып келген шығармашылық өкілдерін «айтушы» деп атағандықтан, осы термин әдеби айналымға енуі тиіс. «Ақын деген сөздің мағынасы өте кең, ол поэзиядағы әр түрлі тарихи кезеңдердегі, әр қилы талант иелерін қамтиды. Соларды үлкен екі топқа бөліп, жырау, жыршы, термешілерді, өлең-жырды ауызша шығаратын, ауызша (домбырамен) суырып салып айтатын ақпа ақын импровизатор сөз зергерлерін жинақтап жыршы ақын деп атауға болады. Сонда оларды жазба әдебиетінің өкілі жазушы ақыннан бөліп алып, өз алдына бөлекше творчестволық тұлға ретінде қарауға мүмкіндік туады» [6, 25], - деп академик З.Ахметов мәселені терең көре біліп ұсыныс жасағанындай, «жыршы ақындар» атауының орнына, «айтушы» ұғымы сұранып тұрғандай. Шығармашылығы ауызша айтумен байланысты топ өкілдерін «айтушы» деп атау керек сияқты, ғылыми дәйекті, жасанды, теңгерілмелі дүние емес, халықтық шығармашылықтан туындап отырған төлтума атау сынды көрінеді.

Нарратологияда қолданылатын «автор-баяндаушы», «мәтінжаратушы» терминдеріне де «айтушы» деп қарауымызға болады. «Айтушы» мәтінді өзі жаратады, баяндайды. Айтушы термині әдебиеттің коммуникациялық, диалогтық табиғатынан туындап отырған термин. Кез-келген көркем шығарма автордың танымын, концептісін, сезімін, түйіндеген түйінін қабылдаушы қауымға жеткізудің құралы болса, ақпаратты жеткізуге, айтуға келіп саяды. «Айтушы» бұл мағынада бір тілдік ақпаратты сөз бе сөз жеткізу ғана емес, мағыналық

үстемемен, көркем шығармаға жүктелетін, қойылатын қағидалар шеңберімен, яғни авторлық дискурсімен түсіндіріледі. Айтушы дегенде, ақпарат тасушы, не біреуден естігенін жеткізуші ғана емес, көркем туынды табиғатына сай танымдық, эстетикалық, этикалық, идеологиялық, коммуникативтік қатпары - авторлық дискурсы арқылы «көркемделген кодты» айтушы деп ұғынсақ керек. Структуралистердің пікіріне ортақтасатын қазіргі нарратортологтар үшін «нарратор» түсінігі қатаң формальды нысанда қабылданады және «нақты», «реалды автор» түсінігіне қарама-қарсы қойылады.

Өз кезеңінде ғалым В.Кайзер былай тұжырымдаған: «Баяндаушы бұл ойлап табылған фигура. Ол барлық әдеби шығарманың барлық болмысына тиесілі» (Kaysen:1954, с. 429); «әңгімелеу өнерінде нарратор ешқашан белгілі немесе әлі белгісіз автор болмайды, бірақ ол автордың өзі ойлап тапқан және қабылдаған «рөл» болып табылады. (Kaysen: 1958, с. 91). Бұның салдарынан көпке белгілі Р. Барт бұл жағдайға барлығымен қабылданған догматтық мінездеме береді: «Нарратор және кейіпкерлер түп негізінде тек «қағаз бетіндегі тіршілік иелері»; әңгіменің авторы (материалды) ешбір жағдайда бұл әңгіменің баяндаушысымен шатастырылмауы керек» (Barthes:1966.с. 19). Ағылшын тілді және неміс тілді нарратологтар кейде «жақты баяндау (бірінші жақтағы аты жоқ баяндаушы және кейіпкерлердің кез-келгені) және «жақсыз» (үшінші жақтағы анонимді баяндау). Жекелей қарасақ, С.Чэтман екінші жағдайдағы баяндауды нарратор тілін қолданбай оның орнына «ноннарративті» баяндау деп атайды. Онда «ноннарратор» қызмет атқарады (Chatman:1978, с. 34, 254). Франк тілді зерттеушілер, әдетте, жақсыз баяндау принципін болуы мүмкін емес деп тұжырымдайды: бәрібірде біреу сөз кезегін өзіне алады және әңгімені жүргізеді. Кейіпкер сөйлейтін кезде баяндаушының рөлі оған сеніп тапсырылады. Мысалға, швейцарлық зерттеуші М.Л.Рьян, көркем мәтінді «сөйлеу актісінің» бір формасы ретінде түсінікке сүйене отырып кез-келген мәтінде нарратордың болуы шарт деп ойлайды. Алайда, бір жағдайда ол индивидуалды дәрежеге ие болуы мүмкін («имперсоналды» баяндау), ал басқа жағдайда одан толықтай айырылуы мүмкін. («персоналды» баяндау).

Рьянның айтуы бойынша: «жекеліктің нөлдік дәрежесі нарратордың дискурсы әңгімені баяндау қабілетіне ғана ие болғанда туындайды [6]. Нөлдік дәреже негізінен «барлығын білетін үшінші жақтағы баяндау» ретінде таныстырылады. XIX ғасырдағы классикалық романдарда. Тағы да нөлдік дәреже XX ғасырдың кейбір романдарында «анонимді баяндаушы» ретінде қабылданады. Мысалға, Г.Джеймстің және Э.Хемингуэйдің еңбектері. Рьян көркемдік коммуникацияның моделін ұсынған, онда көркемдік баяндау «имперсонализацияның» актісі ретінде авторға айналады. Ол автор өзі іске асыратын тілді актілер үшін өзін ауыстыратын баяндаушыға жауапкершілік жүгін мойнына артады. Бұл зерттеушінің пікірі бойынша көркемдік шығарманың спецификалық онтологиялық жағдайын түсінуге көмек береді. Онда шығарма қиялдың әлеміне және шынайылық әлеміне, өзінің жасаушы-авторына қатынасын түсінуді көздейді. «Ол баяндаудағы болып жатқан жағдайларды шынымен жүзеге асты деген тұжырымға байламайды. Алайда бұл жағдайлар біз әдетте қолданатын сөйлем типтер үлгісінде жасалады» [6].

Рьянның айтуына сүйенсек, персоналды және имперсоналды нарраторлардың арасындағы айырмашылық, бірінші жағдайда, автор сөйлеу актілерлерін жүзеге асыратын «біреудің» рөлін атқарады.

Бұл имперсоналды баяндау кезіндегі көркем дискурс (тікелей айтылып тұрған мәселе) пен оның негізінде қаланатын әлемнің бейнесі арасындағы қайшылықты түсіндіруге көмектеседі. Осы жерде автор белгілі әлемдегі белгілі жағдайларды айтып тұрған біреуді сомдайды, содан соң оқырманғанды жағдайдың анық-қанығын анықтауға шақырады. Айтылған жайт баяндаушының сөйлеген сөзі мен оның меңзеп тұрғаны арасына шектеу қояды жүзеге асырады.

Әуелде нарраторологияның назарында нарратор типологиясы және оның одан әрі бұтақтанатын көзқарасы болды. Перси Лаббок (1921) нарратор және оның көзқарасының төрт типін ажыратса, Норман Фридман (1955) сегіз типін, неміс ғалымы Вильгельм Фюгер (1972)

типологияға үш астасқан критерий бойынша он екі типін көрсеткен болатын [7]. Алайда мұндай дифференциалдық типологиялардың систематикасы ылғи дерлік сенімді болмайды және пайдасы да көрінбейді. Әдетте, оларды нарратор типімен оның көзқарасының типі бірін-бірі алмастырады. Бұл типологияның негізіндегі критерийлер нақты емес, ал типтер ойлау және қарау критерийлары арқылы анықталса да, әдебиеттегі шынайлыққа сәйкес келмейді. Бұл үш кемшілігі Фюгер типологиясында байқалады. Оның типологиясы негізгі антитезаның амбиваленттілігінен жапа шегеді (нарратордың «сыртқы позиция» (*Außenposition*) және «ішкі позиция» (*Innenposition*)). Бұл дихотомия негізін қалаушы Эрвин Лейбфрид секілді [7]. Фюгерде екі түрлі затты араластырады: 1) баяндалып отырған әңгімеде нарратордың қатысуы 2) нарратордың көзқарасы. Бұл екі жақтылық Лейбфридде, Фюгерде «нарратор» терминін «ориентация центрі» мәніндегі жалпы мағынасында қолданады. Ал бұнда «ориентация центрі» ретінде баяндаушы нарратор, қабылдаушы-кейіпкер, «рефлектор» (Г. Джеймс термині) болуы да мүмкін. Әлбетте мұндай жалпылай түсіндіру оған негізделген типологияны нақты ашпайды.

Критерилер	Нарратор типтері
Кескіндеу негізінде	Эксплицитті-имплицитті
Диегетикалық	диегетикалық-диегетикалық емес
Көмкерілу деңгейі	бірінші-екінші-үшінші
Айқындалу деңгейі	қатты-әлсіз айқындалған
Жақтылық	жақты-жақсыз
Антропоморфталық	антропоморфты-антрополморфты емес
Гомогенділік	бірыңғай-жайылған
Бағалау дәрежесі	объективті-субъективті
Ақпараттылық	Жалпы шолу-білімі бойынша шектелген
Кеңістік	Әрбір жер-орналасу бойынша шектелген
Интроспекция	Іште орналасқан –сыртта орналасқан
Кәсібилік	Кәсіби-кәсіби емес
Сенімділік	Сенімді емес –сенімді

Көмкеруші және қосымша әңгімелерде орны бойынша біз бірінші реттік нарраторды ажыратамыз; көмкеруші әңгіменің баяндаушысы ретінде екінші нарраторды; қосымша оқиғаның баяндаушысы ретінде үшінші нарраторды анықтаймыз [7]. *Үш типтегі нарраторды Пушкиннің «Станционной смотритель» шығармасында табамыз. Бірінші реттік нарратор – бұл өзінің пошта станциясына үш рет келгендігін баяндайтын, сезімтал саяхатшы. Екінші реттік нарратор – өзінің бейшара қызы Дуняның әкетілуі туралы саяхатшыға әңгімелейтін, станциялық бақылаушы Самсон Вырин. Ал үшінші реттік нарратор ретінде Выриннің әңгімесіндегі өзінің Минскімен келісімін алданған әкеге баяндайтын неміс емісі және гусармен кетіп қалған Дуняның өзін ұстауын хабарлайтын ат қосшы атқарады.*

Әлбетте «бірінші», «екінші» иерархиялық градацияға ие емес. Бұл көмкерілу деңгейіне байланысты (бұны ағылшынша *embedding*). Әрине «мың бір түндегі» екінші реттік нарратор Шехерезада бірінші реттік нарратордан маңызды, Толстойдың «Холстомер» шығармасындағы әңгіме болып отырған Мерин оны баяндап отырған бірінші реттік нарратордан артық үлкен қызығушылық тудырады. Жалпылай алғанда, бірінші реттік нарраторлар тек қосымша әңгімелерде жалғастырушы рөлін атқарады [7].

Екінші реттік нарратордың әңгімелеп отырған сөзін цитирялық әлем, себебі бұл сөйлеу бірінші реттік нарратордың сөзінде цитата қызметін атқарады. Екінші және барлық келесі қосымша әңгімелердің цитаталығы көптеген тәсілдермен актуалдана алады: екінші реттік сөйлеудің бірінші реттік нарратордың сөзіне стилистикалық жақындау арқылы соңғысын талқылайтын нақтылау арқылы, бірінші реттік нарратордың екінші реттік әңгімені өз мүддесіне қолдану арқылы.

Екінші реттік әңгімелерді кіргізудің техникалық қиындатарын Ф.Достоевский сезген болатын. «Подросток» романына жазған дәптерлеріне өзінің баяндауларында «үшінші жақ және бірінші жақтан» сөйлеудің пайдасы мен зиянын автор саралайды:

Егер Мен арқылы сөйлесем онда істің анық насығын ашатын жайттар туралы идеяларды аз қозғауға тура келеді, себебі бұл айтылған әңгіме[7].

Алайда нарратор-өзінің стилінің оқырманға әсеріне масаттанған жасөспірім болса да, саналы түрде басқада кейіпкерлердің мазмұнды аспектіде, стильдік аспектіде өзінің міндеттері жайлы сұрақтарды қозғағанда жаңа кейіпкерлерді анықтайды:

Бишара әйелдің әңгімесі кейбір жерде мағынасыз және еш байланысы жоқ. Қалай түсінгенімді және не түсінгенімді айтып берейін[7].

Екінші ретті нарратор Макар Долгоруконың Скотобойников сатушы туралы әңгімесі архаикалық-халықтық аңыз. Онда Макардың діни санасын ашып көрсетеді, бұл жасөспірімнің тілдік және ой өріс деңгейіне сәйкес келмейді. Нақтылықтың жоқтығын өзі мойындайды (бірінші реттік нарратор ретінде) және романның авторы ретінде:

Қалайтындар болса баяндауды айналсоқтап өтуіне болады, оған қоса мен әңгімені бөлшектеп айтып отырмын.

Атақты жазушы Альбер Камюдің «Чума» шығармасында да, нарратордың көрініс беретіндігін біреу білсе, екіншісі біле бермейді. Мысалға, шығарманың басталуының өзі «*в нашем городе – возможно, таково действие климата – все это слишком тесно переплетено и делается все с тем же лихорадочно-отсутствующим видом*». Автор өзінің тұрып жатқан жерін сипаттап, бірінші ретті нарратор болып тұр[8, 87].

Ал келесі де: «К тому же рассказчик, имя которого мы узнаем в свое время... Это и позволило ему выступить в роли историка»[8, 90]. Бұл жерде екінші ретті нарратор көрініс береді, себебі «айтушы» өзі болса да, басқа айтушының аузымен оқиғаны баяндайды.

Бұл шығармадағы үшінші реттік «айтушы» Тарру деген кейіпкер болады. Оның күнделік дәптеріне жазған жазбалары бұған мысал: «На вид лет тридцати пяти. Рост средний. Лицо почти квадратное»[8, 108].

Қарап отырсақ, шетел әдебиетінде нарраторға көптеген мысалдарды атап айтуға болады. Ал қазақ әдебиетінде «автор» мен «нарратор» ара-жігін ажырату қиындыққа соғып отырғаны анық. Дегенмен, қазақ жазушыларының көбісі «нарраторға» мысал бола алады. Мәселен: «*Менің кезегін келгенде мен бір қате жасадым-ау деймін, аспазшы маған қарап бірдеме деп қалды*»[9, 55]. Бұл Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романынан алынған үзінді. Бұнда жазушы «нарратордың рөлін» өзі алады. Бірінші жақтағы баяндау арқылы кейіпкердің бейнесін ашады. Бұл Ғабит Мүсіреповтың өзі емес, бұл – нарратор.

Жазушы Мұхтар Әуезов барлық дерлік шығармаларын ІІІ жақта жазатыны көпке мәлім, бірақ «Оқыған Азамат» шығармасындағы: «*Бармаймын тойын құрысын. Мен сендерді Мақсұт үшін ішуге шақырамын... Жасасын Мақсұттың аруағы!*» [10, 35], осы сөйлемдер арқылы бірінші реттік нарратор екенін көруімізге болады. Бұл әдейі істелген әрекет емес, оқиға мұхтар Әуезовтың өз өмірінен көрініс бермегендіктен, І жақтағы нарратор пайда болды.

Сондай-ақ, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасында да, нарратор шын шеберлікпен суреттеледі. Себебі, оқиғаның қалай автордың сөзінен басталып, І жақтағы Ерболға көшіп, одан соң байқатпай тағы автордың өзіне оралғандығын сезбей де қаламыз. Бұл – автор шеберлігі.

«Автор» – күрделі құбылыс. Шығарма авторға телілі. Егер автор өлсе, оны баяндап отырған кім? Кімнің тарапынан шығарма баяндалатып отыр? Осы сияқты сұрақтарға жауап беретін ұғым – «нарратор». Шығарма ешқашанда өз өмірін тоқтатқан емес, ол нарратор арқылы өмір сүреді. Алайда қазақ әдебиетінде, «нарратор» ұғымына әлі толықтай түсінік берілген жоқ.

Сөзімізді қорытындылай келе, «автор» мен «нарратордың» айырмашылығын айқындау арқылы, талай әдеби шығарманы өз шыңына жеткізіп талдауымызға мүмкіндік алатынымыз сөзсіз.

Әдебиетгер:

1. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т.1. - Алматы: Жазушы, 1995.
2. <http://old.abai.kz/content/noyabr-kenzhagaraev-abaidyn-aitushy-degeni-kim>
3. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. - Москва: Астрель, 2003.
4. Сафронова Л.В. Автор и герой в постмодернистской прозе. Докторская диссертация. - Алматы, 2007.
5. Барт Р. Критика и истина. В кн: Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв. - Москва: Изд.Московского университета, 1987.
6. <http://postmodernism.academic.ru/77/%D0%BD%D0%B0%D1%80%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%BE%D1%80>
7. http://studopedia.ru/10_295194_diegeticheskiy-i-nediegeticheskiy-narrator.html \
8. Камю А. Посторонний, Чума: Романы. = М.: ООО «Издательство АСТ», Харьков: «Фолио», 2001. – 336 с. – (Вершины Мастера).
9. Бекбергенов М. Ғабит Мүсіреповтің прозасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 151 бет.
10. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 бет.

Малойван Н.Н., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. МПс-62, магистрант
(*Научный руководитель — к.пс.н., доцент Алимбаева Р.Т.*)

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ ЖИЗНЬЮ И РЕЛИГИОЗНОСТЬЮ У МОЛОДЫХ ЛЮДЕЙ

Многочисленные факты подтверждают, что религиозная вера затрагивает самые разные сферы деятельности человека — социальную, политическую, экономическую. Религиозная деятельность может повлиять и на многие факторы, вместе составляющие удовлетворенность жизнью в целом. За последнее несколько десятилетий было проведено немало эмпирических исследований, направленных на изучение влияния религиозной принадлежности, на отношение к работе, результаты которых показали, что у представителей православия выявлена положительная взаимосвязь значимости религии в повседневной жизни с удовлетворенностью работой, частотой посещения религиозных служб и отношением к безработице [1]. Исследование взаимосвязи религиозности и социального взаимодействия в семье показало, что религиозность личности входит как элемент в структуру личностных качеств и занимает в ней базовое положение. Личностные качества устойчиво связаны с религиозностью, опосредуют ее взаимосвязи с социальным взаимодействием [2]. Исследование религиозной ориентации личности в контексте юридической психологии сделало вывод, что религиозность в западной психологической литературе относится к важным факторам адаптивного и совладающего поведения осужденных. Значение веры признается психологами как важный механизм, позволяющий воздействовать на заключенного [3]. Еще одно исследование показало, что среди источников счастья религия занимает прочное, хотя и не столь значимое место. Она имеет более важное значение для пожилых людей и наиболее тесно связана с супружеским счастьем и здоровьем [4]. В обзоре 200 исследований, проведенном Дж. Гартнером, С. Ларсон и Г. Алленом было продемонстрировано, что, во-первых, существует положительная связь между религией и психологическим состоянием человека. Тем не менее, спорные результаты были получены в отношении религии и тревоги, сексуальных расстройств, психоза, самоуважения и интеллекта. Авторы также пришли к заключению, что неоднозначность выводов может быть связана с многогранной природой религии. Они призывают к большей точности в терминологии, используемой психологами в исследованиях, посвященных связи религиозности и психического здоровья [5].